# Сабақтың тақырыбы: Абай және иман

**Сабақтың мақсаты:**
**Білімгерлерге Абайдың қара сөздерінен, өлеңдерін иман туралы түсінік қалыптастыру., санасына жеткізіп , ой түйгізу.**

# Бағалау

| Аты-жөні | Сабаққа қатысу белсенділігі | Өтілген тақырыпты қаншалықты меңгерді | Басқа топ мүшелерін тыңдауы | Практикада қаншалықты қолдана білді |
|---|---|---|---|---|
| Галымова Алима | | | | |
| Шатырбаева Жадыра | | | | |
| Қойшыбай Айгерім | | | | |
| Қадыр Дария | | | | |
| Саяси Балдырған | | | | |
| Тынысбек Гауһар | | | | |
| Асейнова Насихат | | | | |

«Абайдың толық жинағында 1890-1898 жыл арасында жазылған бір алуан шығармалары - « қара сөз » деп аталады. Дін, мораль, тәрбие жайларын қозғайтын қара сөздері: Олар: он екінші, он үшінші,жиырма жетінші,, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз сегізінші, қырық бесінші. »

М.Әуезов

Дін тақырыбына байланысты бөлген қара сөздеріне  біздің қосарымыз жиырма сегізінші қара сөз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.М.Әуезов «Абай Құнанбаев» Алматы, «Санат», 1995
2.З.Ахметов «Абайдың ақындық әлемі».- Алматы: «Ана тілі», 1995.

Осы сөздердің кейбірінде Абай құдайға құошылық етудің мәнін айтып, иман жәйін сөз етеді(он екінші, он үшінші сөздер). Бірақ сол мұсылманшылдықтың анық діндік үгітін айта отырып, Абайдың өз оқушысына жеткізбегі-адамгершілік өсиет болады.

# Сергіту сәті

**Отыз бесінші, отыз алтыншы сөздерде Абай қазақтың дін күтушілерін және сол дін жолының өзіндегі өрескел мінді мінездерін шенейді. Пайғамбар өсиетін айта отырса да, сыншыл ақылдың талаптарын Абай айқын атап отырады.**

Абай моральды сынай келіп “Бұл заманның молдалары хаким атына дұшпан болады (бұнда Абайдың хаким дейтіні – оқымысты ғылымдар мен жазушы ойшылдар –М.Ә.). Бұларды білімдік, бәлки, бұзық пиғыл”, - деп осыдан кейін Абай молдадарды өздерінің тілдерімен дәлелдеп айтып отырып әшкерелеп, қатты шенеп шығады.

Осындай дінмен байланысты діншіл ойларды айтып келіп, Абай сөзінің негізін адамгершілікке тірейді. Адамды қор қылатын ең залалды жаманщылықтарды санап өтеді. Оларүш нәрсе: надандық, еріншектік, залымдық, - деп атайды.

Абайдың адамгершілік жөніндегі моральдық өсиеттерін алсақ, олардың ішінде біздің заманға да бағасы зор шындықтары, тәрбиелік ойлары аз емес. Бұл жағы айрықша таратып, талдауды қажет етпейтін түсінікті жайлар.

# Назарларыңызға рахмет!